

<i>Ортаңғы топ.</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№9				
<i>Күндері</i>	25 - 29.10.2021				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Жомарт күз				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Курманбаева Ж.К.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру; ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтау: үстел, орындықтардың, сөрелердің шаңын сүрту; ойнап болған соң ойыншықтарын өз орындарына жинау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Тамақ ішер кезде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғаннан соң жинастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Даму орталықтарында тазалықты сақтау, шаң сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру; топ бөлмесіндегі гүлдерді педагогтің бақылауымен суару.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Суретпен әңгіме: "Табиғат әлемі". Мақсаты: балалармен табиғат әлемі туралы әңгімелесу.	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсініктерін кеңейту. Олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендерді, оның адам денсаулығына маңызы жөніндегі білімдерін тереңдету.	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін нақтылау және тереңдету. Барысы: педагог балаға жыл мезгілін атайды да таңбалауышты береді. Бала жыл мезгілінде болатын табиғат құбылысын атайды да, таңбалауышты келесі балаға береді. Таңбалауышты алған келесі бала жыл мезгілінің екінші ерекшелігін атайды. Ойын осылай жалғаса береді.	"Орманшы" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады.	"Жылдың қай мезгілі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: әр маусымның айлары және жыл мезгілдерінің негізгі ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог өлең оқиды, ал балалар осы өлең ішінен қай жыл мезгілі айтылғанын табу керек.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар Жолдарыңа үңіліп, Екі бақа жүгіріп, Секіреді, бақ-бақ, Ағаштарды аттап. Олар ерте тұрады, Беті - қолын жуады. Оңға - солға шайқалып, Бақылдайды ән салып. Судан шіркей табады, Өсіп үлкен болады. Бақ-бақ, нақ-нақ, Біздер айттық тақпақ.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтанып болғаннан кейін ыдыстарды дастархан басына мұқият жинастыру; тәрбиеші көмекшісіне көмектесіп кейбір ыдыстарды жинастыру іскерліктеріне үйрету, көрсету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық	"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету. Барысы: жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады.	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!	"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу.
---	---	--	--	---	--

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Қораз ойыншығымен танысу". Мақсаты. Балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелеу тәртібімен таныстыру. <i>Сөздік ойын-жаттығу.</i> <i>"Құстарды аулаға жинайық?"</i>. Сурет салу "Апельсиндер". Мақсаты. Балаларды қылқалам арқылы қызыл-сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуға үйрету. <i>"Күнге не ұқсайды?"</i> <i>дамытушы жаттығуы.</i> Дене шынықтыру "Жомарт қораз". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз	Музыка "Жомарт түлкі". Мақсаты. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би кимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту. <i>"Жомарт түлкі" ойыны.</i> Математика негіздері "Дөңгелек жеміс-көкөністер". Мақсаты. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пішінді заттардың қасиетін зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын,	Көркем әдебиет "Шалқан" орыс халқының ертегісі. Мақсаты. Орыс халқының «Шалқан» ертегісімен таныстыру; балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс – тұрысын талдауға, оларға баға беруге үйрету. Дене шынықтыру "Қораз секілді қанат қағайық". Мақсаты. Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дыбысталуын тыңдату. <i>"Еңбектейік қане біз"</i> <i>қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде. Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі. Міндеттері: балалардың білімін бекіту, ертегілер үзінділерін әңгімелей білу. Балалардың елестету қиялдарын дамыту, сөздік қорын молайту. Көңіл – күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімі қамқоршыболуға үйрету	Құрастыру "Қорап". Мақсаты. Балаларды құрылыс материалы кірпіштен қорапша құрастыруға үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу, тиістірілген бұрыштарды, тұтас жасанды құрылыс нысанын көріп, қолмен түзеп отыру қабілеттеріне дағдыландыру. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> Музыка "Күз желі". Мақсаты. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; оқу қызметін пысықтау. <i>«До – ре – ми» ойыны. ата".</i>	Жаратылыстану "Жемістер мен көкөністер". Мақсаты. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көкөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көкөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. <i>"Төртіншісі артық"</i> <i>танымдық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Өрмелейік қане біз". Мақсаты. Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту. <i>"Өрмекші секілді өрмелейік" қимылды ойыны.</i>
---	--	--	--	--	---

	еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысына үйрету. <i>"Қоян" қимылды ойыны.</i>	зейінді, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. <i>Үстел басындағы зерттеу жаттығуы. "Күз сыйларының пішінін айналдыра салайық".</i>			
--	---	--	--	--	--

Серуен	Шыршаларды бақылау. Мақсаты: балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін нығайту; шыршаның ерекшеліктерімен таныстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды (бұтақтар, малтатастар) шелекке жинау). Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру. Қимыл - қозғалыс ойындары: "Найди свой домик", "Вороны и гнездо". Мақсаты: жүгіру кезінде жаттығу, үйді тез таба білу (құрсау). Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.	Көліктерді бақылау. Мақсаты: көліктерді мақсатына қарай ажырата білуге үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге деген ұмтылысын қалыптастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды сыпыру). Мақсаты: топта жұмыс істеу қабілеттерін бекіту. Қимыл - қозғалыс ойындары: "Түрлі-түсті көліктер", "Тауық қорасындағы түлкі" Мақсаты: физикалық белсенділікті заттармен (рульдермен) ойын арқылы дамытуды жалғастыру; белгі бойынша жылдам әрекет ету қабілетін жетілдіру, ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, орыннан екі аяқпен секіру. Мақсаты: шапшаңдықты дамыту.	Сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу; сыпырушының жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; прививать любовь к природе, бережное и заботливое отношение к окружающей среде. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (белгілі жерге коқыс жинау). Мақсаты: қоқысты белгілі бір жерде жинау қабілетін дамыту; ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Қимыл - қозғалыс ойындары: "Күн мен жаңбыр", "Мені қуып жетіндер", "Маған қарай жүгіріндер" (2-3 рет ойнатылады) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты : қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралыптастарымен қарым – қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	Қайың мен шетенді бақылау. Мақсаты: ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; ағаштардың сипаттамалық белгілері, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл - қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: жүгіру техникаларын жетілдіру, жеңілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.	Бұлттарды бақылау. Мақсаты: бұлт және бұлт туралы білімдерін толықтыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы қоқыстардан тазалау) Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу. Қимыл - қозғалыс ойындары: "Торғайлар мен мысық" Мақсаты: тізеңі бүгіп, ақырын секіру іскерліктерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; колдарын жуу.				

Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу;				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Арқаға арналған "Ауа - райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әт түрлі массаждар жасау; Жалпақтабандылықтан алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Бауда әлде бақшада?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету.	"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.	"Мозаика" үстел үсті ойыны. Мақсаты: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету; тапқырлыққа баулу.	Саусақ ойыны. "Бақшадағы қызанақ пен қияр" Мақсаты: бақша туралы түсінік бере отырып қызанақ пен қияр көкөніс екенін ажырата білуге үйрету.	Үстел үсті театры "Жеті лақ пен қасқыр" ертегісі Мақсаты: балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кішкене шарды өз жалаушаңа қарай домалат", "Жалаушаны тап" (3-4 рет ойнатылады).				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Санамақтар айтқызу. Бір дегенім - білеу, Екі дегенім - егеу, Үш дегенім - үскі, Төрт дегенім - төсек, Бес дегенім - бесік, Алты дегенім - асық, Жеті дегенім - желке, Сегіз дегенім - серке, Тоғыз дегенім - торқа, Он дегенім - торқа, Он дегенім - оймақ, Он бір қара жұмбақ.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. "Жомарт Күз" (сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру "Табиғат". Мақсаты: баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту.	"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: "Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру".	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес. "Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы".	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.